

№ 136 жалпы орта білім беретін мектептің шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2024 жылдың 28 тамыз күнгі Дене шынықтыру пәні бірлестігінің №1 отырысының хаттамасы

Күні: 24.08. 2024 жыл

Өткізілген орны: спортзал мұғалімдер бөлмесі

Қатысқандар: 17

Бірлестік жетекшісі: Танирбергенов М.Т

Хатшы: Лутфуллаев И

Күн тәртібі:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған дене шынықтыру пәні бірлестігінің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттерін айқындау.
3. Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру және спорттық шараларды ұйымдастыру.
4. Дене шынықтыру пәні сабақтарының сапасын арттыру, қауіпсіздік ережелерін сақтау мәселелері.
5. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы және кәсіби шеберлігін жетілдіру бағыттарын анықтау.
6. Жеке жұмыс жоспарларын бекіту және оқу жылының алғашқы жартыжылдығына арналған іс-шаралар жоспарын нақтылау.

Тыңдалды:

Бірлестік жетекшісі Танирбергенов Мақсат сөз алып, жаңа оқу жылының басталуымен барша әріптестерді құттықтады. Ол 2024–2025 оқу жылындағы дене шынықтыру пәні бірлестігінің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталды.

Атап айтқанда, биылғы оқу жылында келесі бағыттарға ерекше көңіл бөліну қажеттігін атап өтті:

- Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа қызығушылықты арттыру;
- Мектепішілік және аудандық спорттық жарыстарға белсенді қатысу, командалық рухты дамыту;
- Дене шынықтыру сабақтарының сапасын арттыру, оқу бағдарламасын жаңартылған мазмұнға сай жүргізу;
- Қауіпсіздік техникасын сақтау ережелерін күшейту және сабақ кезінде жарақаттанудың алдын алу;
- Мұғалімдердің кәсіби дамуы мен әдістемелік шеберлігін жетілдіру мақсатында семинарлар, ашық сабақтар ұйымдастыру.

Сонымен қатар, жетекші оқу жылы барысында атқарылатын жұмыстардың кестесін таныстырып өтті:

- «Салауатты өмір салты апталығы» – қыркүйек айында өткізіледі;
- «Президенттік көпсайыс» және «Көктемгі кросс» сияқты дәстүрлі жарыстар жоспарланған;
- Арнайы спорттық үйірмелердің (футбол, волейбол, баскетбол, жеңіл атлетика және т.б.) жұмысын жүйелі түрде жүргізу көзделген.

Талқыланды:

Отырыста мұғалімдер өз ұсыныстарын білдірді.

- Утебаева Улбала спорттық іс-шараларды өткізу кезінде ата-аналардың қатысуын арттыруды ұсынды.
- Құлыбекова Гүлнар оқу жылының соңында «Дене шынықтыру – денсаулық кепілі» атты ашық спорттық сайыс ұйымдастыру идеясын айтты.
- Бірлестік мүшелері бірауыздан бұл ұсыныстарды жылдық жоспарға енгізу қажет деп шешті.

Қаулы:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған дене шынықтыру пәні бірлестігінің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Әр мұғалім өз жеке жұмыс жоспарын 10 қыркүйекке дейін жетекшіге тапсыруы тиіс.
3. Оқу жылы бойы өткізілетін спорттық және тәрбиелік іс-шаралардың кестесі бекітілсін.
4. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сабақ өткізу кезінде қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.
5. Бірлестік мүшелері арасында өзара тәжірибе алмасу сабақтарын өткізу тұрақты түрде ұйымдастырылсын.
6. Келесі отырыс қазан айында өткізілсін, күн тәртібінде бірінші тоқсанның қорытындысы және ашық сабақтарға талдау қарастырылсын.

Төраға: Танирбергенов М.Т. 

Хатшы: Лутфуллаев И. 